



Меруши:

Дарханова

Тексерілді:

Балабакша әдіскери:

Ж.Исатаева

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМУНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР  
бойынша №12 «Құлыншак» ересек тобының  
перспективалық жоспары**

**2020-2021 оқу жылы**

**Тәрбиешілері: Ә.Өтепберген  
А.Ұйқасова**



**Бекітілді:**

№ 1 «Данаған бебектай-балабақша менгерушісі  
А.Т.Дания

**Тексерілді:**

Балабақша әдіскері  
Ж.Исатаева

**2020-2021 оку жылындағы №12 «Құлыншак» ересек тобының  
ұйымдастырылған оку қызметінің кестесі**

| <b>Білім беру саласы</b>     | <b>Дүйсенбі</b>              | <b>Сейсенбі</b>                       | <b>Сәрсенбі</b>   | <b>Бейсенбі</b>                             | <b>Жұма</b>                                    |
|------------------------------|------------------------------|---------------------------------------|---|---|--|
| «Денсаулық»<br><b>3</b>      |                              | Дене шынықтыру 1<br>11 : 00 - 10 : 30 |   | Дене шынықтыру<br>1<br>09:50 - 10 : 15      | Дене шынықтыру 1<br>09:50 - 10 : 15            |
| «Катынас»<br><b>2,5</b>      | Сейлеуді дамыту1             |                                       | Көркем әдебиет 1  |   | Орыс тілі 0,5<br>(2,4 апта)<br>9:15 – 9: 35    |
| «Таным»<br><b>2,5</b>        |                              | Жаратылыс тану1                       |   | Математика негіздері 1                      | Құрастыру 0,5<br>(1-3 апта)                    |
| «Шыгармашылық»<br><b>3,5</b> | Музыка 1<br>9 : 40 – 10 : 10 |                                       | Сурет салу 1<br>Музыка 0,5<br>(1-3 апта)<br>9 : 15 – 9 : 40 | Мұсіндеу0,5<br>(1-3 апта)                   | Жапсыру 0,5<br>(2-4 апта)                      |
| «Әлеумет»<br><b>0,5</b>      |                              |                                       |   | Коршаған ортамен танысу 0,5<br>(2-4 апта)   |  |
| <b>Вариативтік компонент</b> |                              |                                       |   | <b>Вариативтік компонент «Хатха – йога»</b> | <b>Вариативтік компонент «Ертеғілер әлемі»</b> |

**Ұйымдастырылған оку қызметінің ұзақтығы 20 - 25 мин  
Ұйымдастырылған оку қызметінің апталық жүктемесі – 12 сағат**

**Вариативтік компонент - 2сағат**

**Барлығы: 14 сағат**



Бекітімді:

№ 12 «Кұлышақ» бебекжай-балабакша мемгерушісі

А. Ермекова

Тексерілді:

Балабакша әдіскері

Ж.Исатаева

## №12 «Кұлышақ» ересек тобы Күн тәртібі

2020-2021 оқу жылы

| Күн тәртібі  | Уақыты (сағ.мин) |
|--|------------------|
| Балаларды қабылдау, тексеріп қарау, ойындар. Таңертенгілік жаттығу | 08.00 – 08.45    |
| Таңғы ас   | 08.45 – 09.00    |
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу                            | 09.00 – 09.15    |
| Ұйымдастырылған оқу қызметі \үзілістерді қоса алғанда\             | 09.15 – 10.25    |
| Серуенге дайындық  | 10.25 – 10.45    |
| Серуендеу  | 10.45 – 12.10    |
| Серуеннен оралу  | 12.10 – 12.30    |
| Тұскі ас   | 12.30 – 13.00    |
| Ұйқы   | 13.00 – 15.10    |
| Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары                                 | 15.10 – 15.40    |
| Бесін ас   | 15.40 – 16.00    |
| Ойындар, өз бетінше жұмыс  | 16.00 – 17.00    |
| Кешкі ас   | 17.00 - 17.15    |
| Серуендеу  | 17.15 – 18.00    |
| Балалардың үйге жіберілуі  | 18.00 – 18.30    |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ УЛГІЛІК ОҚУ**  
**БАҒДАРЛАМАСЫНЫң МАЗМУНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ**  
**ТАҚЫРЫПТАР бойынша Ересек тобының**  
**перспективалық жоспары**  
**2020 жыл, қыркүйек айы**  
**Отпелі тақырып « Балабақша»**

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Қымыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қымылдарды дұрыс орындау, негізгі қымыл түрлерін және деңсаулықты сактау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызметшіліктери мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музикалық білімдерін кенейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

| Тақырыпа                                   | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3   | Қатынас-2,5<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5   | Таным-2,5<br>Математика негіздері-1<br>Кұрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1   | Шығармашылық-3,5<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5  | Әлеумет-0,5<br>Қоршаган ортамен танысу-0,5 |
|--|---|---|--|--|--|
| <b>I апта</b><br><b>«Менің балабақшам»</b> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> <b>Негізгі қымылдар:</b><br/>         Сапта бір-бірлеп жүру, журуді жүгірумен кезектестіру. Еденге қолымен сүйеніп, шығыршық ішінен өту. Тактай бойымен тепе-тендікті сактап жүру.<br/> <b>Қымылды ойын:</b><br/> <b>«Балабақшага апарар жол».</b><br/> <b>Дене шынықтыру</b><br/>         Еденге қолымен сүйеніп, шығыршық ішінен өту.<br/>         Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет)       </p> | <p><b>Сөйлеуді дамыту</b><br/> <b>Тақырыбы:«Балабақша үйіміз».</b><br/>         (сурет бойынша әңгімелу)<br/> <b>Мақсаты:</b> Балабақша туралы түсінік беру, достарына қамкор болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту. Үлгі бойынша әңгіме құрастыра алу.<br/> <b>Дидакти-қ ойын:</b><br/> <b>«Менің балабақшам»</b></p> <p><b>Көркем әдебиет</b><br/> <b>Тақырыбы:</b><br/> <b>«Әдептілік» өлеңі.</b><br/> <b>Мақсаты:</b>Өлеңді түсініп, есте сактауға үрету.</p> | <p><b>Математика негіздері</b><br/> <b>Тақырыбы: «Біздің бала бакшада»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру. Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жүптарын салыстыру.<br/>         Салыстыру негізінде тән немесе тән еместігін анықтай білуді үрету.<br/> <b>Дид-қ ойын:</b><br/> <b>«Балабақша</b></p> | <p><b>Музыка</b><br/> <b>Тақырыбы: «Менің балабақшам»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Балабақшага сүйіспеншілігін арттыру. Эн арқылы қуана білуге үйрету. Энді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру</p> <p><b>Сурет салу</b><br/> <b>Тақырыбы:« Түрлі түсті шарлар» (заттық сурет салу)</b><br/> <b>Мақсаты:</b>заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән</p> |  |

|   |  |   |   |  |   |
|---|--|---|---|--|---|
|   | <p>жүрүмен кезектестіре отырып, 10 рет секіру). Заттар арасымен доптарды домалату.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Жылдам барайық бақшага».</p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/>Еденге қолымен сүйеніп, шығыршық ішінен өту. Тактай бойымен тепе-тендікті сақтап журу.<br/>8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тұра бағыт бойынша тәртағандап енбектеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Балабақшада кім бірінші?»</p> | <p>Балаларга тақпактар мен өлеңдерді түсініп, есте сактауга, өленнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үрету.</p> <p><b>Дидакти-қ ойын:</b><br/>«Мен әдепті баламын»</p>  | <p><b>Жаратылыстану</b><br/><b>Тақырыбы:</b> «Біздің балабақша және оның ауласы»</p> <p><b>Мақсаты:</b><br/>балабақшаның ауласындағы және маңайдағы кейбір ағаштардың, бұталардың түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру;</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Ағашты тап»</p>   | <p>ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үрету;</p> <p><b>Дидакти-қ ойын:</b><br/>«Балабақшада»</p> <p><b>Мұсіндеу</b><br/><b>Тақырыбы:</b> «Менің көнілді добым»</p> <p><b>Мақсаты:</b> мұсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалышықтан доп мұсіндеуді үрету.</p> <p><b>Дидакти-қ ойын:</b><br/>«Балабақшада»</p> |   |
| <p><b>II апта</b><br/><b>«Менің достарым»</b></p> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/><b>Негізгі қимылдар:</b><br/>Сапта бір-бірлеп жүру, кол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау. Заттардың арасымен құрсауларды домалату. Сызықтар арасымен (15 см ара қашықтықта), тепе-тендікті сақтап журу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Досым, ұста!».</p>  | <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Алтын күз»<br/>әңгімелуе</p> <p><b>Мақсаты:</b> Табиғатқа қамкор болуга үрету. Әңгімеге катысу және тілді түсіну, тындау біліктерін жатқа айтуду. Улғи бойынша әңгіме құрастыруға үрету.</p> <p><b>Дидакти-қ ойын:</b> «Мен айтамын, досым жасайды»</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> | <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біздің ойыншықтарым»</p> <p><b>Мақсаты:</b> тенді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алғып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұраптарына жауап беруге үрету;</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Таныс пішіндер доминосы»</p> | <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті ойыншықтарым»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Достықка, бірлікке, татулыққа шақыру. Көнілді әуен арқылы көніл-куйлерін көтеру. Өуенге ілесе би қимылдарын жасаудағыларын үрету.</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің досымның үйі»</p>   | <p><b>Коршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b><br/>«Көліктер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көлік түрлерінің қолданысын(әуе, су, жерде жүретін көліктер) түрлерін ажыратып, айтуды беруге үрету.</p> <p><b>Жүктің сипаты</b><br/>және қолданылуы машинаның қурылышына</p> |

|   |  |   |   |  |  |
|---|--|---|---|--|--|
|   | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> <b>Негізгі қимылдар:</b><br/>         Сапта бір-бірлеп журу, қол мен аяқ қымылын үйлестіру, бой тұзулігін дұрыс сақтау. Заттардың арасымен құрсауларды домалату. Сызықтар арасымен (15 см ара қашықтықта), тепе-тәндікті сақтап журу.<br/> <b>Қимылды ойын:</b><br/> <b>«Досым, ұста!».</b><br/> <b>Дене шынықтыру</b><br/>         Бір орында онға, солға секіру. Допты екі қолмен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру(2м.қаш.). Гимнастикалық скамейка үстімен көлдененінен еңбектеу.<br/> <b>Қимылды ойын:</b><br/> <b>«Ойыншыққа еңбектеп жетеміз»</b></p> | <p><b>Тақырыбы: «Үйшік»</b><br/> <b>Ертегісі</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық таныту. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету.<br/> <b>Дидакти-қ ойын:</b> «Мен айтамын, досым жасайды»</p> <p><b>Орыс тілі</b><br/> <b>Тақырыбы: «Менің достарым»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Достарына көмек көрсетуге үйрету. Сұрақтарға жауап беру кезінде орыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану дағдыларын бекіту.<br/> <b>Дидактикалық ойын:</b><br/> <b>«Достарым»</b></p> | <p><b>Кұрастыру</b><br/> <b>Тақырыбы: «Достық үйі»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастырып кұрастыруға үйрету. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуін қалыптастыру.<br/> <b>Дид-қ ойын:</b> «Дұрыс, бұрыс»</p> <p><b>Жаратылыстану</b><br/> <b>Тақырыбы: «Бөлме өсімдері»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> балалардың бөлме өсімдіктері, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін байыту. Бөлме өсімдіктеріне және табигат бұрышына күтім жасау,<br/> <b>Дид-қ ойын:</b> «Өсімдіктің досын тап»</p> | <p><b>( заттық сурет салу)</b><br/> <b>Мақсаты:</b> сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану.<br/> <b>Дидакти-қ ойын:</b><br/> <b>«Досына көмектес»</b></p> <p><b>Жапсыру</b><br/> <b>Тақырыбы:</b><br/> <b>«Досымның үйі»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> қағаз бетінде бейнелерді кұрастыру, одан кейін оларды желімдеу;<br/>         Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сұлғіні қолдануды үретуді жалғастыру.<br/> <b>Дидакти-қ ойын:</b><br/> <b>«Досына көмектес»</b></p> | <p>тәуелділігі туралы (жедел жәрдем, ерт сөндіру машинасы және тағы басқа) ұғымдары қалыптастыру.</p> <p><b>Дидакти-қ ойын:</b><br/> <b>«Түстеріне қарай ажырат»</b></p> |
| <p><b>III апта</b><br/> <b>«Менің сүйікті ойыншықтарым»</b></p> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> <b>Негізгі қимылдар:</b><br/>         Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бір орында онға, солға секіру. Допты екі қолмен бастан асыра кедергі арқылы</p>   | <p><b>Сөйлеуді дамыту</b><br/> <b>Тақырыбы: «Бақшадағы ойыншықтар»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту. Үлгі бойынша әнгіме кұрастыруға үйрету.</p>  | <p><b>Математика негіздері</b><br/> <b>Тақырыбы:</b><br/> <b>«Ойыншықтар дүкені»</b><br/> <b>Мақсаты:</b> 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру.</p>   | <p><b>Музыка</b><br/> <b>Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті ойыншықтарым»<br/> <b>Мақсаты:</b> Жоғары, төмен дыбыстарды ажырату. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. Ойыншықтарды жинақы ұстауға, достарымен</p>   |  |
|   |  |   |   |  |  |

|   |  |  |  |
|---|--|--|--|
| <p>лақтыру(2м.қаш.).</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/><b>«Ойыншыққа тез жетейік»</b></p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>Бір орында онға, солға секіру. Арқан үстімен тәпеп-тендікті сақтап жүру. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.(2-3рет)</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/><b>«Ойыншықты қағып ал!»</b></p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>Бір орында онға, солға секіру. Арқан үстімен тәпеп-тендікті сақтап жүру. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.(2-3рет)</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/><b>«Ойыншықты қағып ал!»</b></p> | <p><b>Дидакти-қ ойын:</b>«Ойыншық атауындағы бірінші дыбысты айттайық»</p> <p><b>Көркем әдебиет</b><br/><b>Тақырыбы:</b><br/><b>«Ойыншықтар»өлеңі. Н. Элімқұлов.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Өлеңді есте сақтауға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Құрдастарына достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету. Балалар өлеңдер мен тақпактарды түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзкарастарын білдіруге үйрету.</p> <p><b>Дидакти-қ ойын:</b>«Жанаңа қуыршак»</p> | <p><b>Дид-қ ойын:</b><br/><b>«Ойыншықтар дүкені»</b></p> <p><b>Жаратылыстану</b><br/><b>Тақырыбы:</b>«Ойыншықтар ар әлемінде»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы мағлұматын көнегейтіп, қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b><br/><b>«Ойыншықтарды атайдыз»</b></p> <p><b>Құрастыру</b><br/><b>Тақырыбы:</b>«Достық үйі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастырып құрастыруға үйрету.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуін қалыптастыру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Дұрыс, бұрыс»</p> | <p>бірігіп ойнауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мениң сүйікті ойыншықтарым»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жоғары, тәмен ды-быстарды ажырату. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.</p> <p>Ойыншықтарды жинақы ұстауға, достарымен бірігіп ойнауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Әуенді ырғакты қимылдар:</b></p> <p>«Күйршакпен би»</p> <p>«Сурет салу»</p> <p><b>Тақырыбы :</b><br/><b>Мениң сүйікті ойыншығым»</b><br/>(заттық сурет салу)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Домалақ пішінен доптыңың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді үйрету, шыдамдылыққа сыйласымды, қарым – катынаска тәрбиелеу, суретті қыл қаламен салу және бояу әдіс – тәсілдерін менгерту.</p> <p><b>Дидакти-қ ойын:</b><br/><b>«Ойыншықты атайдасын ба?»</b></p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Қоян-менің сүйікті ойыншығым»</p> |
|---|--|--|--|

|                      |   |  |  |  |   |
|----------------------|---|--|--|--|---|
|                      |   |  |  | <p><b>Мақсаты:</b> Ермексазды домалату, шымшу, жалпа йту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> <p><b>Дидакти-қ ойын:</b> «Ойыншықты атай аласың ба?»</p>   |   |
| IVапта<br>«Жиһаздар» | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Кіші және үлкен қадаммен, сапта бір-бірлөп жүгіру.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелуе.</p> <p>Тақтай үстімен тептендікті сақтап жүру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Орындыққа кім бірінші жетеді?»</p> <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Гимнастикалық қабырғаға жоғар-төмен кезектескен қадаммен өрмелуе. Алысқа дәлдеп лақтыру (3,5-6,5 м. кем емес). Гимнастикалық скамейка үстімен тептендікті сақтап жүру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Орындықтан ешбектең ет!»</p> <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Гимнастикалық қабырғаға жоғар-төмен</p> | <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Үй жиһаздары. (байланыстырып сөйлеу)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байту. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байту. Тұрмыстық заттар және қоршаған табигат заттарының мәнін түсіндіру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Жиһаз атауына сейлем құрайың»</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Уш аю» ертегісі (саусақ театры)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық таныту. Ертегі желісін ретімен орындау. Әдеби кейіпкерлердің қылыштарын бағалау.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Сүйікті ертегім»</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Белме жиһазы»</p> | <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Үйді жабдықтау</p> <p><b>Мақсаты:</b> 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", ", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту;</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Жиһаздарды өз орындарына орналастыр»</p> <p><b>Жаратылыштану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Үй жиһаздары»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b></p> | <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ғажайып сандық»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ғажайып сандықта сақталған ұлттық бүйімдар арқылы ұлттық музыка мұрасымен таныстыру, ұлттық сазбен сүсынданыру. Эсемдікті сезінуге, ырғакты ажыратуға үйрету. Эстетикалық талғам қалыптастыру.</p> <p><b>Әуенде ырғакты қымыл:</b> «Жайдарман» Халық әні</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Айжан қызы» Қазақ халық қүйі</p> <p><b>Ән айту:</b> «Домбыра сазы» И. Нұсіпбаев</p> <p><b>Ойын ойнау:</b> «Асатаяқ қағамыз» Музыкалық дидактикалық ойын</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Үй салу жиһаздары» (Сандық) (Сәндік сурет салу)</p> <p><b>Мақсаты:</b> элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы</p> | <p><b>Коршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Заттық әлем»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды заттыққалеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Жиһаздарды орналастыр»</p> |

|  |  |  |                                   |   |  |
|--|--|--|-----------------------------------|---|--|
|  | <p>кезектескен қадаммен өрмелеу. Алысқа дәлдеп лақтыру(3,5-6,5м.кем емес). Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-тендікті сақтап жүру.</p> <p><b>Кимылды ойын:</b>«Орнында отыр !»</p> | <p><b>Мақсаты:</b>Тұрмыстық заттарға аса қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Заттардың кейбір қасиеттерін: түсін, пішінін, белгілерін атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Менің болмем»</p> | <p><b>«Жиһаз сатып алдым»</b></p> | <p>қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру;</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Жиһаздарды өз орындарына орналастыр»</p> <p><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Әжемнің сандығы»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Сандықты әшекейлейміз»</p> |  |
|--|--|--|-----------------------------------|---|--|

Қазан айы, 2020жыл

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

**Мақсаты:** инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Денаулықсақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дene шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;
2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, киялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді күрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

| Тақырыпша  | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3  | Катынас-2,5<br>Сейлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5   | Таным-2,5<br>Матеметика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1   | Шығармашылық-3,5<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мұсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5   | Элеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|--|--|---|--|---|--|
| <b>I апта</b><br><br><b>«Менің отбасым, ата-аналар енбегі»</b> | <b>Дене шынықтыру</b><br><b>Негізгі қимылдар:</b><br>1.Тұрлі бағытта жүгіру.1,5м қашықтықтан тігінен (нысанға ортасының биіктігі 1,5м) нысанана дәлдеп лақтыру.<br>Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет жүрумен кезектестіре отырып,10 рет секіру).<br><b>Қимылды ойын:</b> «Картоп жинау». 2. 1,5м қашықтықтан тігінен (нысанға ортасының биіктігі 1,5м) нысанана дәлдеп лақтыру. | <b>Сейлеуді дамыту</b><br><b>Тақырыбы:«Менің отбасым»</b> (сурет бойынша әңгіме)<br><b>Мақсаты:</b> Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.отбасы, отбасындағы тұрмыс, халықтық дәстүрлер, қаласы туралы айтып беру. Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға қалыптастыру.<br><b>Дид-қ ойын:«Отбасы мүшелерін ата»</b><br><br><b>Көркем әдебиет</b><br><b>Тақырыбы: «Күз» өлеңі</b><br><b>Мақсаты:</b> Отбасы мүшелерінің қасиеттерін көруге, әрекеттерін бағалауға тәрбиелеу. Балаларға өлеңдерді түсініп, есте сактауға, өлеңнің | <b>Математика негіздері</b><br><br><b>Тақырыбы: «Менің бір күнім» (Сан мен санау)</b><br><b>Мақсаты:</b> Тендік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстыратын топтар: бір көп, бір және екі,екі және үш және төрт, төрт және бес.<br><b>Дид-қ ойын: «Біз отбасында нешеуміз?»</b><br><br><b>Құрастыру</b><br><br><b>Тақырыбы:«Асхана құралдары» (қалдық материалдармен жұмыс)</b><br><b>Мақсаты:</b> Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға | <b>Музыка (1,5 сағ)</b><br><b>Тақырыбы: «Менің отбасым»</b><br><b>Мақсаты:</b> Туыстарына деген сезімін әнмен жеткізуге баулу. Отбасы, ата-ана туралы әңгімелерін еркін жеткізуға мүмкіншілік жасау. Әнді таза дауыспен айтуға үрету.<br><b>Әуенде ырғақты қимыл:</b><br>«Кеселермен би»<br>«Кен жайлау» А.Енсепов<br><b>Музыка тындау:</b><br>««Жақсы көрем»<br>Ғ.Дауылбаева<br><b>Ән айту:</b> «Ата-ананы тыңдаймыз» Б.Бейсенова<br><b>Ойын ойнау:</b> «Киіз үйлер» Музыкалық |  |

|   |   |   |  |  |
|---|---|---|--|--|
| <p>Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру). Заттар арасымен доптарды домалату.</p> <p><b>Қымылды ойын:</b><br/>«Анамызға көмектесейік».<br/>3. 1,5м қашықтықтан тігінен (нысанға ортасының биіктігі 1,5м) нысанага дәлдеп лақтыру.<br/>Тақтай бойымен тепе-тендікті сактап жұру.<br/>8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тұра бағыт бойынша төрттағандап енбектеу.</p> <p><b>Қымылды ойын:</b><br/>«Сәбіз жинау»</p> | <p>мазмұнына өз көзқарасын білдірге үйрету.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Отбасындағы мерекелер»</p> | <p>баулу. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b><br/>«Отбасындағы түскі ас»</p> <p><b>Жаратылыстану</b><br/><b>Тақырыбы:</b> «Бақшадағы мол өнім»</p> <p><b>Мақсаты:</b> көкөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; табигаттағы, жыл мезгіліндегі маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Әкем егін жинады»</p> | <p><b>Кимылды ойын</b></p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мениң тостағанымдағы ою-өрнектер» (сәндік сурет салу)</p> <p><b>Мақсаты:</b> қазақ оюларының кейір элементтерін салу; элементтердің реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Эстетикалық сезімдерін, ойлау қабілеттерін, ұсак қол қымылдарын дамыту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b><br/>«Отбасындағы түскі ас»</p> <p><b>Мусіндеу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қоянға арналан сәбіз» (сәбізді жинау)</p> <p><b>Мақсаты:</b> түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша қоянға арналған сәбіз мүсіндеу</p> <p>Ұқыпты жұмыс жасауға, үлкендер енбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Әкем егін</p> |  |
|---|---|---|--|--|

|         |  |  |  | жинады»   |  |
|---------|--|--|--|---|--|
| II апта | <p><b>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар:</b></p> <p>1.Тұрлі тапсырмалармен жүгіру:шашаң және баяу қарқынмен., жетекшімен аудыса отырып жүгіру. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-тендікті сақтап журу, секіріп, қос аякпен тұру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Торғайлар мен автомобиль»</p> <p>2. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-тендікті сақтап журу, секіріп, қос аякпен тұру. Тақтай үстімен(8м) көлденең енбектеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Аялдамага дейін...»</p> <p>3. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-тендікті сақтап журу, секіріп, қос аякпен тұру. Доға астынан енбектеп өту(биіктігі50см)</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Көшедегі көліктер»</p> | <p><b>Сейлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жануарлар мен төлдері»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жануарларға қамқор болуға үйрету. Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді қолдану. Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b>«Жануарлар әлемі»</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Адасқан құмырсқа» ертегісі</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегі кейіпкерлеріне жанашырылық таныту. Ертегі желісін ретімен орындау. Әдеби кейіпкерлердің қылыштарын бағалау.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b>«Құмырсқаның илеуіне жолды тап»</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Менің көшем».</p> <p><b>Мақсаты:</b>Өздері тұратын ауланы таза ұстауға тәрбиелеу. Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінуді және қолдана білуді калыптастыру. Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Мен</p> | <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>Менің қалам(Геометриялық пішіндер)</p> <p><b>Мақсаты:</b>балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету;</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Көшедегі әр-түрлі көліктер »</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Көшедегі қауіпсіздік»</p> <p><b>Мақсаты:</b> сыйбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылымынан материалынан құрастыру; үлгі бойынша құрастыру;</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b>«Көшедегі қауіпсіздік»</p> | <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Менің көшем»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Көшеде жүру ережесін сақтау, қауіпсіздікке баулу. Эннің сергек, ширак, сабырлы сипатын және түстерді ажырата білу.</p> <p><b>Әуенде ырғакты қимыл:</b></p> <p>«Марш» Ю.Энтин</p> <p><b>Музыка тындау:</b></p> <p>«Бағдаршам» Қ.Қайым</p> <p><b>Ән айту:</b> «Күз тамаша!» С.Шыныров</p> <p><b>Ойын ойнау:</b></p> <p>«Светофор-айрықшам» Ю.Чичков</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көшедегі көрініс» (Сюжетті сурет салу)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту.</p> | <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жолда жүру ережелері»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жолда ежүру ережесін саутауға,көлік түрлері, жол бөліктегі (тротуар, жолдың журу бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жер асты өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін калыптастыру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Бағдаршам белгілерін ажырат»</p> |

|  |  |   |   |   |  |
|--|--|---|---|---|--|
|  |  | <b>тұратын көшө»</b>  |   | <b>Дид-қ ойын: «Менің көшем» (Воскововичтің дамытушы ойындары)<br/>Жапсыру<br/>Тақырыбы: «Менің ауlam»<br/>Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br/>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-катьнасын ескеру.<br/>Дид-қ ойын: «Менің көшем» (Воскововичтің дамытушы ойындары)</b>   |  |
| <b>III апта<br/>«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</b> | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/><b>Негізгі қимылдар:</b> 1.1-1,5минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру.<br/>Көлбей тақтаймен(ені2см, биіктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру.<br/>Қапшықты нысанана көздел лақтыру (3м каш.).</p> <p><b>Қимылды ойын: «Өртті сөндіру»</b><br/>2. Көлбей тақтаймен(ені2см, биіктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру.<br/>Кегльдердің арасымен енбектеп</p> | <p><b>Сөйлеуді дамыту</b><br/><b>Тақырыбы: «Ойыншықтар»</b><br/><b>Мақсаты:</b> Ойыншықтарды ұқыпты ұстап ойнауға тәрбиелеу. Заттарды және олардың тұрган орнын анықтау дағдыларын жетілдіру. Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру.<br/><b>Дид-қ ойын: «Ойыншықтар топтамасы»</b></p> <p><b>Көркем әдебиет</b><br/><b>Тақырыбы: «Бағдаршам»</b><br/>өлеңі. С.Дүкенбай.<br/><b>Мақсаты:</b> Жол ережесін сактауға тәрбиелеу. Балаларға өлендерді түсініп, есте сактауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. Дауыс күшін өзгертіп,</p> | <p><b>Математика негіздері</b><br/><b>Тақырыбы:</b> «Санырауқұлактарды жинау»<br/><b>Мақсаты:</b> 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b><br/><b>«Ормандағы қауіпсіздік»</b> (Воскововичтің дамытушы ойындары)</p> <p><b>Жаратылыстану</b><br/><b>Тақырыбы: «Табиғатты корғайык»</b><br/><b>Мақсаты:</b> Табиғат бұрышындағы тірі</p> | <p><b>Музыка</b><br/><b>Тақырыбы:</b> «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»<br/><b>Мақсаты:</b> Үйдегі және көшедегі қпүіпсіздікке үйрету. Музыкалық ырғакты қимылдарды орындауда женіл секірулер, жұлтаса билеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Әуенде ырғакты қимыл:</b><br/>«Полька Янка» Беларус халық әуені</p> <p><b>Музыка тындау:</b><br/>«Бағдаршам» Қ.Қайым</p> <p><b>Ән айту:</b> «Күз тамаша!» С.Шыныров</p> <p><b>Ойын ойнау:</b><br/>««Светофор-айрықшам»</p> |  |

|   |   |  |  |  |
|---|---|--|--|--|
| <p>жүру.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға кез келген тәсілмен өрмелуе.</p> <p><b>Қымылды ойын:</b><br/>«Бағдаршам»</p> <p><b>Негізгі қымылдар:</b><br/>3. Көлбеу</p> <p>тактаймен(ені2см, биіктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру.</p> <p>Қапшықты нысанага көздел лақтыру (3м қаш.).</p> <p>Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеп жүру.</p> <p><b>Қымылды ойын:</b><br/>«Абайлап көзде!»</p> | <p>түрлі интонацияда дыбыстау.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Бағдаршамның түстері»</p> | <p>объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру;</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Қауіпті және қауіпсіз заттар»</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біздің көшесі (Құрылыш материалдарынан)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді қолдененген орналастыру.</p> <p><b>Үстел-үсті ойыны:</b> «Көшедегі әртүрлі көліктер»</p> | <p>Ю.Чичков</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Үйдегі және көшедегі қпуіпсіздікке үйрету. Музыкалық ырғакты қымылдарды орындауда женіл секірулер, жұптаса билеудағыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Әуенде ырғакты қымыл:</b></p> <p>«Полька Янка» Беларус халық әуені</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Бағдаршам» Қ.Қайым</p> <p><b>Ән айту:</b> «Күзгі жапырақтар»</p> <p>П.Шайжанова</p> <p><b>Ойын ойнау:</b> «Күн сүйтті далада»</p> <p>А.Айтұрова</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көшедегі бағдаршам» (Заттық сурет салу)</p> <p><b>Мақсаты:</b> әртүрлі бағыттағы тұра сызықтар мен олардың қылышының жүргізе білуді үйрету. дөңгелек пішінді заттарды салу; Баланың ойлау, көру, кабілеттерін және ұсақ қол қымылдарын</p> |  |
|---|---|--|--|--|

|                       |   |  |  |  |  |
|-----------------------|---|--|--|--|--|
|                       |   |  |  | <p>дамыту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b><br/><b>«Бағдаршам қандай?»</b></p> <p><b>Мұсіндеу</b><br/><b>Тақырыбы: «Бағдаршам»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Қамыр кесектерінен мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мұсіндеуді үйрету.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b><br/><b>«Бағдаршам қандай?»</b></p>  |  |
| IVапта<br>«Алтын күз» | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>1. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50метрге жүгіру. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру. Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, шаян сиякты ішпен тартылып, орындықтың екінші басына шығу.</p> <p><b>Қымылды ойын:</b><br/><b>«Жапырақтарды жинаймыз»</b></p> <p>2. Екі аяқпен бір</p> | <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жыл мезгілі. Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгімелуе).</p> <p><b>Мақсаты:</b> табиғатқа аса камқорлықпен қарауга үйрету. Коршаған орта заттарының қалыптастыру. Маныздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Бұл қай кезде болады?»</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қияр мен капуста» ертегісі</p> <p><b>Мақсаты:</b> көркем</p> | <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Бақшадағы жемістер мен көкөністер» (Геометриялық пішіндер)</p> <p><b>Мақсаты:</b> 1 санымен таныстыру. Сандық топты белгілеу. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Күзгі жемістер»</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жомарт күз!»</p> <p><b>Мақсаты:</b> өлі табиғат нысандары- су, жер,</p> | <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Алтын күз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күз бейнесін музыка, сюжетті бейнелер арқылы көрсете білу. Музыкаға әсерленуді байыту.</p> <p>Көнілді-көнілсіз музыканың интонациясын ажыратса білу.</p> <p><b>Әуенде ырғакты қымыл:</b></p> <p>«Күзгі вальс»</p> <p>Қ.Шілдебаев</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Күз жомарт» Д.Ботбаев</p> <p><b>Ән айту:</b> «Күзгі жапырақтар» П.Шайжанова</p> | <p><b>Коршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ауыл мен қала өмірі ерекшелігі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өз туган елін құрметтеуге тәрбиелеуге құрметтеу. Қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Күзгі құпиялар»</p> |

|  |  |   |  |   |
|--|--|---|--|---|
|  | <p>орында тұрып, ұзындыққа секіру. 5-бм. қаш. дөғаның астынан еңбектеп өту.</p> <p>Гимнастикалық орындық үстінде кедергілерден аттап жүру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Күн мен жаңбыр»</p> <p>3. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру. Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, шаян сияқты ішпен тартылып, орындықтың екінші басына шығу. Күм салған капшықты он және сол қолмен алысқа лақтыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Асқабақты домалатып жеткізейік»</p> <p><b>Спорттық ойын:</b> «Мен және мениң отбасым»</p> | <p>шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үрету.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Көкөністерді тез жина»</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Күз»</p> <p><b>Тақырыбы:</b> жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары жөнінде білімдерін көңейту.</p> <p>Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінді және қолдана білуді қалыптастыру. 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Биши жапырақтар»</p> | <p>aaya, күннің көзі туралы білімдерін көңейту;</p> <p>Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үрету.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Күзгі әрекшеліктерді ата»</p> | <p><b>Ойын ойнау:</b> «Күн сүйтті далада» А.Айтұова</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Күзгі жапырақтар» (таспалау әдісі арқылы сурет салу)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қылқаламды дұрыс ұстауды, қағаздың үстінен жүргізуі үрету. Қоршаған органың әсемдігін сезіне отырып, жапырақтың суретін салуды дағдыландыру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Жыл мезгілін ата»</p> <p><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Күзгі жапырақтар» (Сюжетті аппликация)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. сопақша пішіндерді қилю дағдыларын жетілдіру. Тар жолактарды көлдененін қилю, шаршыдағы бұрыштарды қиуды бекіту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Жыл мезгілін ата»</p> |
|--|--|---|--|---|

Қараша айы, 2020жыл

**Отпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

**Мақсаты:** Денсаулық сактаутехнологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Спорттық ойындар мен жаттығу кимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыйтайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| Тақырыппа               | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3  | Катынас-2,5<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5  | Таным-2,5<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1   | Шығармашылық-3,5<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мұсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5   | Әлеумет-0,5<br>Қоршаган ортамен танысу -0,5 |
|-------------------------|--|--|--|---|---|
| I апта<br>"Өзім туралы" | <b>Дене шынықтыру</b><br><b>Негізгі қимылдар:</b><br>1. Сапқа тұру, құрылымын өзгертіп, қайта тұру.<br>4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.<br>(сызықтардың ара каш-ғы 40-50 см).<br>Қапшықты он және сол қолымен көлдененінен нысанана (2-2,5 м. каш-н) дәлдеп лақтыру.<br><b>Қимылды ойын:</b> «Кім мықты?». 2. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара каш-ғы 40-50 см).<br>Бөрене үстімен | <b>Сөйлеуді дамыту</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Менің мамандығым»(сурет бойынша әңгіме құрастыру)<br><b>Мақсаты:</b> Әдептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен зат есімдермен байту. Әртүрлі тәсілдермен жана сөздер құру.<br><br><b>Дид-қ ойын:</b> «Сүйікті мамандығым»<br><br><b>Көркем әдебиет</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Алма» ертегісі<br><b>Мақсаты:</b> Ертеғі кейіпкерлеріне қамқорлық таныту.таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру. Дауыс күшін өзгертіп, түрлі | <b>Математика негіздері</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Күн тәртібі» (Уақытты бағдарлау)<br><b>Мақсаты:</b> 2 санымен таныстыру. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атاي білу дағдыларын қалыптастыру.<br><b>Дид-қ ойын:</b> «Кім үйіне тез жетеді?»<br><br><b>Құрастыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Менің үйімнің қоршауы» (Құрылыш материалдарынан)<br><b>Мақсаты:</b> Конструктор бөлшектерінен құрастыру. Улғи бойынша әртүрлі текшелермен қора құрастыруды үйрету. | <b>Музыка</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Мен-өмірдің ғулімін»<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды елжандылыққа, тұлғалық сенімділікке тәрбиелеу. Ән айта отырып, мәтініне сай қимылдар жасауга үйрету.<br><b>Әуенді ырғақты қимыл:</b><br>«Күзгі вальс»<br>К.Шілдебаев<br><b>Музыка тындау:</b><br>«Атамекен өрені»<br>Б.Бүрісұлы<br><b>Ән айту:</b> «Мен бір ерке баламын» Б.Жұмабекова<br><b>Ойын ойнау:</b><br>«Өз жұбынды тап!»<br>Қимылды ойын<br><b>Сурет салу</b> |   |

|   |   |   |  |  |  |
|---|---|---|--|--|--|
|   | <p>тепе-тендікті сақтап жүру. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап енбектеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Маган қарай жүгір».</p> <p>3. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара каш-ғы 40-50см). Оң және сол қолымен көлдененінен нысанага (2-2,5м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. Басқа кап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Мениң сонынан жүр»</p> | <p>интонацияда дыбыстау.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Дауысынан таны»</p>   | <p>Ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Сен қандайсын?»</p> <p><b>Жаратылыстану</b></p> <p><b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> «МЕНИҢ БАҚЫЛАУЫМДАҒЫ ТАБИФАТ»</p> <p><b>Мақсаты:</b> күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту; адамдардың күзг әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Жандыжансыз»</p> | <p><b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> «Ертегідегі мақта қыздың мысығы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> : Дәнгелек, сопақша пішіндер арқылы заттардың суретін салуды үрету, екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың кимыл қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру;</p> <p><b>ұқыптылыққа тәрбиелеу</b></p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Өзің жақсы көретін үй жануары»</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> «Биши қызы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сыйымдау.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Мен қандаймын?»</p> |  |
| <p><b>II апта</b></p> <p><b>«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»</b></p> | <p>Дене шынықтыру</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қатарға бір-бірден сапқа тұру. Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 50см. жоғары</li> </ol>  | <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> «Не дәмді?» ертегісі</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегі кейіпкерлерге жана шынықтыру. Шағын әнгімелер мен ертегілерді мазмұндау. Әртүрлі</p> | <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> «Бақтағы көкөністер мен жемістер» (Кеңістікті бағдарлау)</p> <p><b>Мақсаты:</b> З санымен таныстыру. Әртүрлі</p>  | <p><b>Музыка</b></p> <p><b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> «Күз байлығы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Астық, дәнді дақылдар мен көкөністер-дің пайдалылығын, қысқа</p>   | <p><b>Коршаған ортамен танысу</b></p> <p><b>ТАҚЫРЫБЫ:</b> «Адамдардың енбегі»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> |

|  |   |  |   |  |   |
|--|---|--|---|--|---|
|  | <p>көтерілген арқаның астынан оң және сол бүйірімен алға енбектеп кіру. 20-25см. биіктікке секіру</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Көкөністерді жина»</p> <p>2. Колын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 20-25см. биіктікке секіру. Құрсаудан енбектеп өту.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Коянның сәбізі»</p> <p>3. Колын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 50см. жоғары көтерілген арқаның астынан оң және сол бүйірімен алға енбектеп кіру.</p> <p>Гимнастикалық қабыргамен аралықтан аралыққа, онға-солға ауысу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Дәрумендерді жина»</p> | <p>тәсілдермен жана сөздер құру.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Дәмін татып, атын ата»</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Көкөністер айтысы» ертегі</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегі кейіпкерлеріне қамқорлық таныту. Таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру. Дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстау.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Көкөністерді ата»</p> <p><b>Орыс тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Дәрумендер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> орыс тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінуді және қолдана білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Дәміне қарай ажырат»</p> | <p>түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Көкөністерді сана»</p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Дәрумендер әлемі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру, баубақшаға саяхатқа шығып, енбексүйгіштікке тәрбиелеу,</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Бакта ма, бақшада ма?»</p> | <p>азық дайындаудың қажеттілігін түсінү. Ел ырзығының қуанышын әнмен, бимен көркемдей білу. Мерекелік көнілкүй сыйлау.</p> <p><b>Әуенді ыргакты қимыл:</b> «Тәтті тосап» биі</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> Осенний вальс. Чайковский</p> <p><b>Ән айту:</b> «Күзге сәлем» А.Еспенбетова</p> <p><b>Ойын ойнау:</b> «Айгөлек» ойыны</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Дәмді алмалар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дөңгелек пішіндерді түрлі көлемде салуға үйретуді жалғастыру, енбексүйгіштікке тәрбиелеу, шығармашылық ойлау, киялдау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p><b>Дид-қ ойын:</b> «Алма кетті домалап...»</p> <p><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Аюдың себеті» (заттық сурет салу)</p> <p><b>Мақсаты:</b> заттарды толық пішіні</p> | <p>Адамдарға енбектері үшін алғысайтуға және енбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>«Улкендерге құрмет»</b></p> |
|--|---|--|---|--|---|

|   |   |   |   |  |  |
|---|---|---|---|--|--|
|   |   |   |   | алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сұғымдау.<br>Дид-қ ойын: «Ашы, тұшы»   |  |
| III апта<br><br>"Өзіне және өзгелерге көмектес" | <p><b>Дене шынықтыру</b><br/> <b>Негізгі қимылдар:</b><br/>         1. Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша түзелу. Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, екі жағына айналу.</p> <p>Гимнастикалық қабыргамен аралықтан аралыққа, онға-солға аудысу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/> <b>«Санырауқұлақтарды жинайық».</b></p> <p>2. Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, екі жағына айналу. Құрсаудан енбектеп өту.</p> <p>Ойлы-қырлы тақтаймен тепе-тендікті сақтап жүру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/> <b>«Жапырактарды сыйырамыз»</b></p> <p>3. 20-25 см. биіктікке секіру. Оң және сол қолымен көлденененінен</p> | <p><b>Сойлеуді дамыту</b><br/> <b>Тақырыбы: «Қайырымды бала» Б.Данабеков</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Қайырымды, әдепті болуга тәрбиелеу. Үлгі бойынша әнгіме құрастыра алуға дағдыландыру. Себеп-сардарлық байланыстарды орната білу.</p> <p><b>Дид-қ ойын: «Болады, болмайды»</b></p> <p><b>Көркем әдебиет</b><br/> <b>Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегі кейіпкерлеріне қамқорлық таныту, таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру. Дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстау.</p> <p><b>Дид-қ ойын: «Досына көмектес»</b></p> | <p><b>Математика негіздері</b><br/> <b>Тақырыбы: «Дым білмеске көмектес»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> 4 санымен таныстыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;</p> <p><b>Дид-қ ойын: «Қанша болса, сонша»</b></p> <p><b>Жаратылыстану</b><br/> <b>Тақырыбы: «Құстар қанатты достар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Үй құстарын атая білу (кораз, мекен, қаз) және олардың сыртқы келбетіндегі ерекшеліктері туралы білімін нақтылау.</p> <p>Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Дид-қ ойын: «Құстарға жем берейік»</b></p> | <p><b>Музыка</b><br/> <b>Тақырыбы: «Біз-көмекшілерміз»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Кішіге қамкор, үлкенге колқанат болуга тәрбиелеу. Әр түрлі сипаттағы музыка карқынын, динамикалық реңкін қабылдау.</p> <p><b>Әуенде ырғакты қимыл:</b><br/> <b>«Тәтті тосап» би</b></p> <p><b>Музыка тындау:</b><br/> <b>«Тындаі білем»</b></p> <p>A. Маханбетова</p> <p><b>Ән айту:</b> «Күзге сәлем»</p> <p>A. Еспенбетова</p> <p><b>Ойын ойнау:</b><br/> <b>«Қатты, жай»</b></p> <p>Музыкалық дидактикалық ойын</p> <p><b>Сурет салу</b><br/> <b>Тақырыбы: «Әдемі торғай» (сәндік сурет салу)</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер</p> |  |

|  |   |  |  |  |  |
|--|---|--|--|--|--|
